

**1-курс (бакалаврлар, ҚБТ бакалаврлары, магистранттар, докторанттар)  
студенттеріне арналған жадынама!!!**

- 1.Бақылаудың барлық түрлерінің қорғау кестесін орындау.**
- 2.Бақылау нысандары. Пән бойынша қорытынды бағалар.**
- 3.Студенттердің емтихандағы жүріс-тұрыс ережелері. Апелляция.**
- 4.FX бағалау (25-тен 49%-ға дейін) және оны қайта тапсыру.**
- 5.Келесі курсқа ауысу.**

1.Силабуста әр пән бойынша Бақылаудың барлық түрлерін орындау мен қорғаудың күнтізбелік кестесі орналастырылған, сонымен қатар ол Порталға енгізілген.

- Жұмыстарды орындау (қорғау) кестесін сақтамаған жағдайда айыппұл балдары есептеледі (яғни Deadline-нан кейін 1 аптаға кешігу үшін – минус 10% (Балдар осы жұмысты қорғағаны үшін алынған қорытынды бағадан алынады). Жұмысты 1 аптадан артық тапсыруға (қорғауға) кешіккен жағдайда студентке осы орындалған жұмыс үшін қанағаттанарлықсыз баға қойылады – 0%, бұл жұмысты қорғауды әрі қарай қабылдауға және бағаны өзгертуге мүмкіндігі жоқ дегенді білдіреді.

2. Оқу кезінде студент бақылаудың бірнеше түрінен өтеді:

Аралық бақылау (P1 және P2) – білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі. Аралық бақылауды дәріс беруші тестілеу, коллоквиум немесе бақылау жұмысы түрінде жүргізеді, берілген жұмыстың нәтижесін 100 балдық меже бойынша бағалайды және аралық бақылаудың бағасын академиялық күнтізбеде көрсетілген уақытта Портал жүйесіне енгізеді. Аралық бақылау Порталда тестілеу түрінде жүргізілген жағдайда баға автоматты түрде ведомоске қойылады.

Әрбір оқу сабағы мен семестр ішінде болатын СОӨЖ бойынша студенттердің үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізіледі. Қойылған баға міндетті түрде оқытушылардың электронды және қағаз журналдарында тіркеледі.

Егер студент сабаққа қатыспаған болса, оған міндетті түрде электронды және қағаз журналдарға «жоқ» деп қойылады. Бақылаудың барлық түрлері – ЕГЖ, зертханалық жұмыстар, курстық жұмыстар міндетті түрде есептелуі тиіс және тек есептелмеген жұмыстар жағдайында “0” қойылады. Ағымдағы бақылаулардың орташа бағасы (Ср) нөлдік мәндерді ескере отырып, барлық қойылған ағымдағы бағалардың арифметикалық ортасы ретінде есептеледі.

Ағымдағы бақылаулардың орташа бағасы (Ср) Ақпараттық жүйе арқылы жұма күні 18.00-де 15-аптада 100% ең жоғары есеппен түпкілікті есептеледі және одан әрі өзгертілуі мүмкін емес.

Емтиханға жіберу рейтингісінің бағасы (Рейтинг) ағымдық бақылаудағы баға мен аралық бақылау бағасының қатынасы бойынша қалыптасады. Емтиханға жіберу рейтингісі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{Рейтинг} = \frac{P1 + P2}{2} * 0,2 + C_p * 0,8$$

Мұндағы: P1 – бірінші аралық бақылаудың бағасы (тестілеу, коллоквиум немесе бақылау жұмысы).

P2 – екінші аралық бақылаудың бағасы (тестілеу, коллоквиум немесе бақылау жұмысы).

C<sub>p</sub> - ағымдағы бақылаудың орташа бағасы (баға барлық қойылған ағымдағы бағалардың арифметикалық ортасы ретінде есептеледі).

Студент емтихан тапсыруға келесі жағдайларда жіберілмейді:

Рейтинг < 50% болса

Пән бойынша қорытынды баға келесі формуламен есептелінеді:

$$\text{Қорытынды баға} = \text{Рейтинг} * 0,6 + \text{Э} * 0,4$$

Мұндағы: Рейтинг – пән бойынша жіберу рейтингісі

Э – емтиханнан алған бағасы.

3. Емтихан тапсыру үшін студенттің өз иелігінде емтиханның бейнежазбасын жүргізуге мүмкіндік беретін бейнекамерасы және интернеті бар компьютер болуы тиіс.

Емтихан кезінде студент бөлмеде болуы керек. Емтихан өткізу кезінде студенттің бөлмесінде емтихан тапсырушыдан басқа ешкім болмауы керек. Студенттің үстелінде автоқалам және 1 парақ таза қағаз болуы мүмкін. Емтихан кезінде міндетті түрде дыбысты бейнежазба жүргізіледі. Емтихан кезінде емтихан тапсырылатын компьютерден басқа қосымша компьютерлерді, телефондарды, мониторларды пайдалануға тыйым салынады. Басқа сайттарға өтуге және басқа бөлімдерді ашуға тыйым салынады. Теледидар, радио және дыбыс аппараттарын қосуға, тест сұрақтарын дауыстап оқуға, телефонмен сөйлесуге, құлаққап киюге, орнынан тұруға, орын ауыстыруға және бөлмеден шығуға рұқсат етілмейді. Кітаптармен конспектерді пайдалануға болмайды. Бейнежазба анық болуы үшін, емтихан тапсырушының бет-әлпеті айқын көрінуі үшін және сәйкестендіру үшін, бөлмедегі жарық жеткілікті болуы керек.

Білім алушылар қате қойылған сұрақ немесе жауап анықталған жағдайда емтихан бағаларын апелляциялай алады. Студент ақпараттық жүйеде баға қойғаннан кейін 24 сағат ішінде апелляцияға өтініш бере алады.

Көрсетілген мерзімнен кейін немесе апелляцияның себебі көрсетілмей келіп түскен өтініштер қаралмайды.

Апелляция міндетті бейнежазбасы бар стримингтік жүйе арқылы студентпен ауызша бейне-сұхбат арқылы ғана жүргізіледі. Қайта тестілеу тағайындалмайды.

Апелляциялық комиссия апелляция өткізеді, хаттама жасайды (ол Тіркеу офисіне жіберіледі), нәтижесін ақпараттық жүйесіне енгізеді және корпоративтік пошта арқылы апелляциядан кейін үш күн ішінде студентке өзінің шешімі туралы хабарлайды.

4. «FX» белгісіне сәйкес келетін емтихан бағасын (25%-дан 49%-ға дейін) қайта тапсыруға емтихан сессиясы аяқталғаннан кейінгі бірінші апта ішінде жол беріледі. Ол үшін өз институтының директоратына апелляцияға өтініш жазу керек. Дәлелді себепсіз қайта тапсыруға келмеген жағдайда емтихан ведомосына «келген жоқ» қойылады, бұл F бағасының баламасы болып табылады.

«F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда білім алушы осы пәнге қайта жазылуы керек, оның барлық бағдарламасынан өтуі, барлық тапсырмаларды орындауы, белгіленген тәртіппен қорытынды бақылауға рұқсат алуы, қорытынды бақылауды (емтиханды) тапсыруы тиіс. Оқу пәніне қайта жазылу тек ақылы негізінде жүзеге асырылады.

Бірінші емтихан тапсыру кезінде F «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, не пән бағдарламасының толық орындалмауы себебінен студент емтиханға жіберілмеген жағдайда немесе емтихан бағасының күші жойылған кезде білім алушы келесі академиялық кезеңде (немесе қосымша жазғы семестрде) осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Егер студент GPA ең төменгі деңгейін алмаған жағдайда ғана оң бағаны қайта тапсыруға рұқсат етіледі. Қалған барлық жағдайларда оң бағаны қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Қажетті GPA өту балын жинаған білім алушы келесі курсқа ауыстырылады.

5. GPA өту коэффициенті (курстан курсқа ауыстыру)

Бакалавриат (күндізгі және қашықтықтан оқыту түрі):

- 2-курсқа – 1,67;

- 3-курсқа – 2,00;

- 4-курсқа – 2,1.

Бакалавриат (сырттай оқу түрі):

- бітіру курсына – 2,00.

Магистратура – 2,34.

Докторантура – 2,34.

Өту коэффициентін есептеу үшін GPA калькуляторын пайдалануға болады.

Өту балының ең төменгі шамасын ала алмаған, бірақ бақылаудың барлық түрлерін оң бағалармен тапсырған білім алушы қосымша жазғы семестрде өзінің GPA-ын арттыра алады. Егер білім алушы қосымша жазғы семестрден кейін ауысу балын ала алмаса, ол қайта оқу жылына қалдырылады және ақпараттық жүйеде өтініш ресімдейді.

Қажетті GPA өту балын жинаған, бірақ келесі семестрдегі пәндер үшін пререквизит болып табылатын пәндер бойынша қосымша жазғы семестрде академиялық берешекті жоймаған білім алушы қайта оқу жылына қалдырылады және ақпараттық жүйеде өтініш ресімдейді.

Қосымша жазғы семестр аяқталғаннан кейін бір апта ішінде қайта оқу жылына өтініш жазбаған білім алушы академиялық үлгермеушілігі үшін университеттен шығарылады.

**АҚ проректоры**

**ТО бастығы**



**С.В. Коньшин**

**В.В. Неледьва**